



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҚШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БОЙЫНША АРНАЙЫ ӨКІЛІ СЕРДЖИО ГОРМЕН ЖӘНЕ АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ КРИСТОФЕР ЛАНДАУМЕН КЕЗДЕСТІ



Кездесуде Вашингтонда өтетін С5+1 саммиті қазақ-америка кеңейтілген стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың С5+1 саммитіне арнайы шақырғаны үшін алғыс айтты. Президент алдағы жоғары деңгейдегі кездесу ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың ба-

халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазақстан Президенті жаһандық үдерістердегі Орталық Азияның рөлі артып келе жатқанына тоқталды. Аймақ елдері бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін, тату көршілік пен ортақ прогреске деген ұмытылысын көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа Америка Президентінің сәлемін жеткізді. Ол АҚШ сыртқы саясатындағы Орталық Азия өңірінің стратегиялық маңызын растады. Оның пікірінше, Вашингтонда өтетін алдағы кездесу екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереді.

Әңгімелесу барысында энергетика, аса маңызды минералдар, цифрландыру, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің әлеуеті қарастырылды.

Бұдан бөлек, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге назар аударылды.

akorda.kz

ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 6,7 ГВт жаңа қуат көзін іске қосатын 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электр энергетикасын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Онда Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, энергетика министрі Ерлан Аққаженов, сондай-ақ энергетика секторы ұлттық компанияларының өкілдері баяндама жасады.

Соның ішінде энергетика министрі еліміздің энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарының барысы туралы баяндады. Ол еліміздің энергетикалық жүйесі штатты режимде және РФ мен Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйелерімен үйлесімді қалыпта жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Елімізде 237 электр стансасы бар болса, оның 79-ы дәстүрлі генерация көздері, қалғаны 158 жаңартылатын энергия көздерінен тұрады. Министрлік энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қуаттарды кеңейтуге және цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған шараларды тұрақты негізде қабылдап келеді. Министр 26 ГВт-тан астам жаңа қуат көздерін қосу қарастырылып отырған «Энергетика саласын 2035 жылға дейінгі дамыту жоспары» аясындағы жұмыстар қарқынды түрде жалғасып жатқанын айтты. Жаңа қуаттарды іске қосу қолданыстағы стансаларды жаңғырту арқылы да және жаңа қуат өндіру қондырғыларын салу арқылы да жүзеге асырылады. Осылайша, 2029 жылы Қазақстанның энергетика жүйесін профицитке шығару жоспарлануда.

«Энергетика министрлігі 2029 жылға дейін еліміздің энергетика жүйесінде жаңадан 6,7 ГВт қуат көздерін іске қосуға мүмкіндік беретін 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Былтыр 770 МВт-тан астам жаңа қуат көзі іске қосылған болса, оның 608 МВт-ы дәстүрлі, ал 163 МВт-ы жаңартылатын энергия көздері. Ал 2025 жылға белгіленген 621 МВт-тың 166-сы дәстүрлі генерация, ал 9 нысан, яғни 455 МВт – ЖЭК. Бүгінгі таңда 370 МВт іске қосылды, оның ішінде 216 МВт жаңартылатын энергия қуаты. Жылдың соңына дейін 251 МВт іске қосылады. 2026 жылы шамамен 2 600 МВт, оның ішінде жиынтық қуаттылығы 174 МВт жаңартылатын энергия объектісін енгізу жоспарлануда. 2027 жылы қуаттылығы шамамен 1 500 МВт, оның ішінде 573 МВт-тың 13 ЖЭК объектісін іске қосу қарастырылып отыр. 2028 жылы 2 мың МВт-тан астам қуаттылықты, оның ішінде 245 МВт 3 жаңартылатын энергетика нысанын пайдалануға беру көзделуде. Осылайша, 2029 жылы экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толық қамтымыз деп күтіп отырмыз, энергетика жүйесін профицитке шығару жоспарлануда, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға да мүмкіндік береді», — деді Ерлан Аққаженов.

Сондай-ақ энергетика министрі Үкімет отырысында Мемлекет басшысының көмірден алынатын қуат көзін таза көмір технологиясы базасында дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы баяндады. Ол министрлік тарапынан қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуды көздейтін экологиялық талаптар мен нормаларға сай келетін бірқатар ірі жобаны, соның ішінде маневрлік режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отырғанын атап өтті. Ендігісі Екібастұз ГРЭС-3-тің құрылысын салу үшін инвесторды айқындау бойынша тендер өткізілді және Курчатове қаласында ЖЭС салу үшін тендер жариялау жоспарлануда. Тікелей шарттар шеңберінде министрлік «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясымен бірлесіп Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында



ЖЕТІСУДА «САРЫӨЗЕК-КӨКТАЛ» АВТОЖОЛЫНЫҢ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ

Жетісу облысында жалпы ұзындығы 178 шақырым болатын «Сарыөзек-Көктал» автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталып, бірнеше кезеңмен атқарылған болатын. Енді республикалық жол барлық талаптарға сай жасалды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан тұрғындары жөнделген жолдың сапасына ризашылығын білдірде. Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің қиылыстарында жарықтандыру шамдары орнатылып, жол белгілері мен бағыттаушы көрсеткіштер жаңартылды. Көліктердің шамадан тыс жүк тасымалдауының алдын алу мақсатында «Сарыөзек-Көктал» автожолының 50-ші шақырымына автоматтандырылған салмақ өлшеу жүйесі орнатылды. Осындай жүйе жолдың 7-шақырымына, яғни «Алацем» цемент зауытының жанындағы учаскеге де орнатылуда.

Жалпы алғанда қойылған барлық талаптар нормативтерге сәйкестендірілді. Сарыөзек елді мекені мен Алтынмемел асуының арасында ауыр жүк көліктерінің қозғалысына арналған бөлек технологиялық жол салынды. 65-шақырымда карьерлер орналасқан және осы технологиялық жол арқылы техникалардың қозғалысы жүзеге асырылады, — деді «Қазақөзжол» АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Жасұлан Қалтаев.

«Сарыөзек – Көктал» тас жолы Қойбын шатқалындағы Көмбе өзені арқылы өтеді. Мұнда көлік қозғалысы үшін жаңа көпір қолданысқа берілді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың наурызында басталған. Сарыөзек, Қоңырөлең, Ақжазық ауылдарының жол жиегіне электр жарығы тартылып, жаяу жүргіншілер өткелі мен жол белгілері жаңартылған.

Атқарылған жұмыстарға аудан тұрғындары пікір білдірді. Бұрын жолдың ой-шұңқырынан көлікпен жүру өте қиын еді. Автокөлігіміз жиі бұзылып, қайта-қайта жөндетуге тура келетін. Оған қоса жол қауіпсіздігіне де алаңдайтынбыз. Қазір жол сапасы түзу, сапалы жасалды, — деді Алмас Мырзаев.

Қоңырөлең ауылының тұрғыны Бақыт Таштахметова да жолдың жөнделгеніне риза:

Қазір жол жиегіне жаяу жүргіншілер жолы салынды, Көктал ауылының бұрылысына дейін жарықтандырылды. Кешкілік маңай жарық, еркін жүріп-тұруға болады. Оған қоса ауылға келетін жедел жәрдем жұмысына да қолайлы болды. Ауылға кешкі уақытта Көктал ауылынан шақырылатын жедел жәрдем көлігі бұрын шамамен бір сағаттан артық уақытта жететін, қазір жол жөнделгеннен бері небары 30-35 минутта келеді, — дейді ол.

Атап өтсек, соңғы үш жылда Жетісудың Кербұлақ және Панфилов аудандарының аумағындағы республикалық маңызы бар жалпы ұзындығы 241 шақырым жол жөнделді. Атқарылған жұмыстар жол жабынын белгіленген нормативтік талаптарға сай жақсы техникалық күйге келтіруге мүмкіндік берді.

Фотосуреттерді «Қазақөзжол» АҚ облыстық филиалы ұсынды. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН», «АДАЛ АЗАМАТ», «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»: ЖЕТІСУДА ТАҚЫРЫПТЫҚ МУРАЛДАР САЛЫНДЫ

Жетісу облысында Республика күніне орай бір күнде тақырыптық үш мурал бір уақытта ашылды. Жоба Президенттің «Әділетті Қазақстан» идеологиялық бағдарламасы аясында өңір жастарының бастамасымен жүзеге асырылып, азаматтық жауапкершілікті, экологиялық мәдениетті және қоғамдағы әділдік қағидаттарын нығайтуға бағытталды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларының негізгі принциптерін насихаттау мақсатында салынған бұл муралдар Сарқан ауданының Сарқан қаласындағы, Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы және Көксу ауданының Балпық би ауылындағы көп қабатты үйлер қабырғасының көркін кіргізіп тұр.

Біз үшін мурал — тек қабырғадағы сурет ғана емес, өмірде қандай ұстанымдарды таңдайтынымызды еске салатын маңызды жазба. Сондықтан салынған бұл муралдар қоршаған ортаға ұқыпты қарау мен экологиялық мәдениетті дамыту арқылы тұрақты болашақ қалыптастыру идеясын, адалдық, жеке жауапкершілік және қоғам өміріне белсенді қатысу құндылықтарын, тұрақты өрі әділ мемлекет құруда заңның үстемдігі мен қоғамдық тәртіптің маңыздылығын көрсетеді. Тазалық сақтау, адал еңбек ету, заңды және адамдарды құрметтеу — қоғамды тұрақты өрі әділ ететін құндылықтар. Сондықтан біз болашағымызды күн сайынғы іс-әрекетіміз қалыптасады деп сенеміз, — деді «Жетісу жастары» КММ директор Шәмил Ванкеев.

Фотосуреттерді «Жетісу жастары» КММ ұсынды. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ТАЗАЛЫҚ – САУЛЫҚ НЕГІЗІ



Адам өмірінің сапасы – оның айналасындағы ортаға байланысты. Таза табиғат, таза су, таза ауа – біздің денсаулығымыздың кепілі. Ал таза ауаның бастауы – өз ауламыздың тазалығынан басталады. Сондықтан да «Таза аула – таза ауа» деген қарапайым сөздің астарында үлкен мән бар.

Ауланы таза ұстау – әркімнің парызы. Бүгінгі таңда экологиялық мәселелер бүкіл әлемнің назарында тұр. Қоршаған ортаны қорғау тек ірі ұйымдар мен табиғатты қорғаушылардың ісі емес, ол – әрбір азаматтың борышы. Біз өз үйіміздің, мектебіміздің, ауылымыздың немесе көшеміздің тазалығына үлес қосу арқылы табиғатты сақтауға атсалысамыз.

Аулаға қоқыс тастамау, ағаш

пен гүл отырғызу, шөптерді шабу, жол жиегін тазалау – осының бәрі табиғатты аялаудың нақты көрінісі. Мұндай істер балаларға жақсы үлгі болады. Себебі бала көргенін істейді, үлкендерден тазалық пен ұқыптылықты үйренсе, ол да табиғатты құрметтеуге дағыланады.

Қалаларда көлік көп, зауыттар мен фабрикалардан шығатын түтін ауаны ластайды. Осындай жағдайда әрбір көгерген бұта мен таза ауланың өзі үлкен маңызға ие. Жасыл желек – ауаны тазартып, адам ағзасына қажетті оттегін бөледі. Сондықтан әр көктем сайын ағаш отырғызу, гүл егу, аула тазалау – біздің ортақ міндетіміз.

Таза аулада жүрген адам кеңіл тыныстап, сергек жүреді. Балалар таза ауада ойнағанда олардың денсаулығы жақсарып, көңіл-күйі көтеріледі. Бұл – өмір сапасын арттыратын ең қарапайым, бірақ ең маңызды

факторлардың бірі. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді халқымыз. Егер әр отбасы өз ауласын таза ұстаса, тұтас көше, ауыл, қала таза болады. Тазалық – мәдениеттіліктің белгісі. Ауласы таза адам – табиғатқа, өзіне және өзгеге құрметпен қарайтын адам.

Біз, ұстаздар қауымы, оқушыларға қоршаған ортаны сүйюді, табиғатты қорғауды үйретуге міндеттіміз. Мектепте экологиялық айлықтар, сенбіліктер, ағаш отырғызу акциялары жиі өткізіледі. Мұндай шаралар арқылы балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі қалыптасады.

Таза аула – таза ауаның бастауы. Ал таза ауа – денсаулықтың, қуаныштың және өмірдің негізі. Сондықтан баршамызды қоршаған ортаны аялап, ауланы таза ұстауға шақырамын.

Табиғатты сүйейік, тазалықты сақтайық! Өйткені таза аула – таза өмірдің кепілі!

Айнагүл Серікқызы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет дамуына, қоғамның әділдігі мен бірлігін бұзатын ең қауіпті құбылыстардың бірі. Ол халықтың билікке, заңға, әділдікке деген сенімін әлсіретіп, елдің рухани дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан жемқорлықпен күресу – тек құқық қорғау органдарының емес, әр азаматтың парызы.

Бүгінгі күні Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында көптеген бағдарламалар мен заңдар қабылданған. Алайда ең бастысы – сананы өзгерту, яғни әр адамның бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Жемқорлықтың салдары қандай?

Жемқорлықтың зияны – бір ғана адамның әрекетімен шектелмейді. Ол бүкіл қоғамға залал келтіреді:

- Мемлекеттің экономикасын әлсіретеді;
- Халықтың билікке сенімін жоғалтады;
- Әділ еңбек пен білімге деген ынтаны төмендетеді;
- Жастардың өмірге деген көзқарасын бұзады.

Жемқорлық – тек пара алу немесе беру ғана емес. Ол таныстықпен жұмысқа қабылдау, әділетсіз шешім қабылдау, қызмет бабын пайдалану секілді түрлі жағдайда көрініс табады.

Жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолы – адалдықты тәрбиелеу. Әр бала мен жас буын кішкентайынан «адал еңбек – абыройдың бастауы» екенін түсініп өсуі керек.

Мектептер мен колледждерде «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» сияқты клубтар жұмыс істейді. Бұл ұйымдар оқушыларды әділдікке, парасаттылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Ұстаздар мен ата-аналар балаларға өмірдің басты қағидасы – адал болу екенін үйретуі тиіс.

Адалдық пен ар-ожданды сақтау – тек жеке қасиет емес, ол ұлттың мәдени деңгейінің көрінісі.

Алдын алу шаралары қандай? Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен:

- 1.Заңды білуді және оны құрметтеуді үйрету;
- 2.Мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету;
- 3.Қоғамдық бақылауды күшейту;

4.Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру;

5.Мектеп пен жоғары оқу орындарында адалдық сабақтарын өткізу;

6.Медиа мен әлеуметтік желілерде адалдық мәдениетін насихаттау қажет.

Мұның бәрі тек қағаз жүзіндегі шаралар емес, саналы ұрпақ тәрбиелеудің басты жолдары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек билікке ғана емес, қарапайым халыққа да байланысты. Әрбір адам өз ісінде әділ, арлы болса – қоғам тазарып, ел ілері басады.

«Пара берме, пара алма, параға жолама» – бұл тек ұран емес, өмірлік қағида болуы тиіс. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын буын. Егер олар адалдықты серік етсе, болашақ Қазақстан таза, әділ, өркениетті мемлекетке айналары сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолы – әр адамның өз ар-ұяты алдында таза болуы.Адал еңбек, әділ шешім, жауапкершілік пен арнамыс – міне, жемқорлықсыз қоғамның басты тіректері.

Адал болайық – елге үлгі болайық!

Айбек Азаматұлы

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН ІСМЕР



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР

Қазақ халқының бай мәдени мұрасының бір тармағы – ұлттық киім өнері. Әрбір өрнегі мен тігісі халқымыздың тарихынан сыр шертетін бұл өнердің тамыры тереңде жатыр. Бүгінгі таңда осынау асыл дәстүрді жалғап, ұмыт бола бастаған ұлттық киім үлгілерін жаңғыртып жүрген жандардың бірі – біздің ауданның мақтанышы, ісмер тігінші Абзал апай.

Өнерге деген бала күнгі құштарлық

Абзал апайдың өнерге деген сүйіспеншілігі ерте ояңған. Бала күнінде әжесінің қолынан шыққан кестелі кимешектер мен өрнекті камзолдарға қызығып, соларды өз қолымен жасауды армандайтын. Ине мен жіпті ермек етіп, қуыршақтарына кішкентай көйлек тігуден бастаған талпыныс кейін үлкен өмірлік іске айналды.

Мектеп бітірген соң тігіншілік мамандығын меңгеріп, ауылға оралады. Алғашында көршілеріне көйлек пен камзол тігіп беріп жүрсе, уақыт өте кәсібін кеңейтіп, ұлттық киім тігумен айналысатын шағын шеберхана ашады.

Ұлттық нақыш – шебердің қолтаңбасы

Абзал апайдың қолынан шыққан әр киім – бір өнер туындысы. Ол тігіп шығаратын сәукеле, шапан, камзол, көйлек, тақия, кимешек секілді киімдердің барлығы ұлттық нақышқа толы.

Шебер әр бұйымды тікпес бұрын, оның иесінің жасына, мінезіне, мақсатына қарай бояу үйлесімін таңдайды. Ол үшін оюдың мағынасына терең үңіледі.

- «Қошқар мүйіз» өрнегі – молшылық пен байлықтың,
- «Ботазөз» өрнегі – сұлулық пен нәзіктіктің,
- «Түйетабан» өрнегі – мықтылық пен төзімділіктің нышаны екенін айтады.

«Киім тек сән үшін емес, ол – ұлттың тарихын, мінезін, болмысын бейнелейтін көрініс. Әр өрнекте – бабалар аманаты жатыр», – дейді Абзал апай әрқаз.

Уақыт бір орында тұрмайды, заман өзгереді. Дегенмен Абзал апай дәстүр мен қазіргі сән үлгісін шебер ұштастырып келеді. Ол ұлттық киімге заманауи элементтер енгізіп, жастарға лайықтап тіге біледі.

Мысалы, камзолды жеңіл матадан тігіп, әдемі өрнекпен әрлейді; шапандарға заманауи түйме мен әшекей қосады. Соның арқасында оның киімдерін жас буын да қызыға киіп жүр. Бұл – ұлттық киімге деген жаңа көзқарастың қалыптасқанының белгісі.

«Ұлттық киімді сәнге айналдыру – оны сақтаудың ең тиімді жолы. Киім арқылы ұлт рухы жаңғырады», – дейді шебер апай мақтанышпен. Абзал апайдың тағы бір ерекшелігі – ол өз тәжірибесін жастармен бөлісуден жалықпайды. Жазғы демалыс кезінде ауыл балалары мен жас қыздарға арнап тігін үйрету сабақтарын өткізеді. Шеберхана-сында оқушылар ине сабақтап, ою қиюды, мата пішуді, кесте тігуді үйренеді.

«Әр баланың бойында бір ұшқын бар. Тек соны ояту керек», – дейді ол әр шәкіртіне қамқорлықпен қарап.

Оның шәкірттері аудандық, тіпті облыстық қолөнер көрмелеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Ал Абзал апай үшін ең үлкен марапат – шәкіртінің өз ісіне ғашық болып өсуі.

Қазақы киім – қазақтың жаны

Қазақтың ұлттық киімі – халқымыздың эстетикалық талғамы мен өмір салтының көрінісі. Онда ұлттың даналығы, мінезі, мәдениеті мен табиғатқа деген көзқарасы жатыр.

Абзал апайдың айтуынша, әр киім – тарих. Ол тігіп шығарған шапандар мен камзолдар тек әдемілік үшін емес, ұлттың рухын көтеру үшін тігіледі. «Қазақы киім киген адам өзін ерекше сезінеді. Өйткені ол киім арқылы өз тегін, өз тамырын еске алады», – дейді шебер.

Бүгінде Абзал апайдың еңбегін аудан жұртшылығы жақсы біледі. Оның тіккен киімдері мерекелер мен тойларда, мектептегі ұлттық іс-шараларда, көрмелерде ерекше көзге түседі. Көпшілік оның жұмысына сүйсіне қарап, ұлттық өнерге деген құрметін білдіреді.

Уақыт алға жылжыған сайын кейбір дәстүрлер ұмыт болып бара жатқаны рас. Бірақ Абзал апай сияқты шебер жандар барда ұлттық киім, ұлттық рух мәңгі жасай бермек.

Ол – өз ісінің шын жанашыры, өнер арқылы ұлттың болмысын сақтап жүрген нағыз шебер.

Осындай ісмер аналарымыздың еңбегі – ел мақтанышы, ұлт қазынасы.

Дара Дана

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПОШТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ТАЛДАУ АЯҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2024 жылдан 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде Талдықорған қаласының географиялық шекараларында пошта байланысы бандерольдер мен сәлемдемелер қызметтерін көрсету нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйіне жоспарлы талдауды аяқтады.

Талдаудың мақсаты – бәсекелестіктің даму деңгейін анықтау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау, сондай-ақ үстем жағдайда теріс пайдалануды қоса алғанда, монополияға қарсы заңнаманы ықтимал бұзу белгілерін анықтау.

Талдау қорытындысына сәйкес, Талдықорған қаласының географиялық шекараларында пошта байланысы бандерольдер мен сәлемдемелер қызметтерін көрсету нарығы жоғары шоғырланған (I тип) болып табылады. Аталған нарықтағы бәсекелестік деңгейі төмен (дамымаған) деп бағаланады.



ЗАВЕРШЕН АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ КОНКУРЕНЦИИ НА РЫНКЕ ПОЧТОВЫХ УСЛУГ В ГОРОДЕ ТАЛДЫКОРГАН



Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу завершил плановый анализ состояния конкурентной среды на рынке услуг регистрируемой почтовой связи (бандеролей и посылок) в географических границах города Талдықорған за период с 2024 года по 30 июня 2025 года.

Целью анализа являлось определение уровня развития конкуренции, выявление хозяйствующих субъектов, занимающих доминирующее или монопольное положение, а также установление признаков возможных

нарушений антимонопольного законодательства, включая злоупотребление доминирующим положением.

По итогам анализа установлено, что рынок услуг регистрируемой почтовой связи в пределах города Талдықорған относится к высококонцентрированному (I тип). Конкуренция на данном рынке оценивается как неразвита.

М.Жумабаев,
Көкжазық ауылдық округінің әкімі

«AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ ФРАКЦИЯСЫ МЕН ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Жетісу облысында «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының Саяси кеңес Бюросы мен Ескелді аудандық фракциясының кеңейтілген отырысы өтті. Іс-шараға облыстық және аудандық деңгейдегі партия белсенділері, мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары және аудандық бөлім басшылары қатысты.

Жиынды Жетісу облыстық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арын Арыстанғали Қадырұлы күн тәртібімен таныстырды.

Кеңейтілген отырыс жұмысына облыстық Саяси кеңес Бюросының мүшелері — Серік Мейрханұлы Мұқанов, Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева сондай-ақ Ескелді ауданының әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов қатысты. Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов «AMANAT» партиясының аудандық сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында әзірленген Жол картасының 2025 жылға арналған

көрсеткіштерінің орындалу барысы туралы баяндама жасады. Әкім партияның бастамалары мен елізгілігіне бағытталған жобаларды сапалы жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.

Екінші мәселе аясында аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері – Раушан Білісбекқызы Мейрбекова, Александр Викторович Хильниченко және Сәуле Рыспекқызы Кусмолда-нова өздерінің депутаттық есептерін ұсынды. Депутаттар өз округтеріндегі әлеуметтік, инфрақұрылымдық және қоғамдық мәселелердің шешілу барысы туралы баяндады.

Үшінші мәселе бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын талқылау өтті. Қатысушылар ел Президентінің бастамаларына толық қолдау білдіріп, жаңа технологияларды дамыту мен цифрландыру бағытындағы жұмыстардың елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына серпін беретінін атап өтті.

Кеңейтілген отырыс соңында қатысушылар көтерілген мәселелер бойынша нақты ұсыныстар қабылдап, партияның аймақтық құрылымдарына бірқатар тапсырмалар берілді.

Шара соңында Арын Арыстанғали Қадырұлы партия мүшелеріне белсенді жұмысы үшін алғыс айтып, алдағы уақытта да халық мүддесін қорғау, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу жолында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.



ЖАЛҒЫЗАҒАШ АУЫЛЫНДА ЖАҢА ФАП АШЫЛДЫ



Ескелді ауданының Жалғызғааш ауылында тұрғындар үшін ұзақ күткен қуанышты оқиға орын алды — заманауи фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) өз есігін айқара ашты. Бұл жаңалық шағын ауыл тұрғындарына сапалы және қолжетімді медициналық қызмет көрсетуге жол ашты.

Салтанатты ашылу рәсіміне аудан әкімі Елдос Ахметов қатысып, жаңа нысанның лентасын қиып, құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ, рәсімге аудандық аурухананың басшылары, ауыл тұрғындары және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

ФАП — ауыл тұрғындарының денсаулығы үшін

Жаңа медициналық пункттың негізгі мақсаты — ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету. Мұнда амбулаториялық-поликлиникалық қызметтер, шұғыл медициналық көмек, жедел жәрдем қызметтері қолжетімді болады.

Жаңа медициналық пункттің негізгі мақсаты — ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету. Мұнда амбулаториялық-поликлиникалық қызметтер, шұғыл медициналық көмек, жедел жәрдем қызметтері қолжетімді болады.

Сонымен қатар, ФАП дәрігерлері тұрғындарды аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, медициналық тексерулер мен профилактикалық екепелермен қамтамасыз етуді тұрақты түрде қолға алмақ.

«Біздің ауыл үшін бұл — нағыз қуаныш. Енді балаларымызға, қарттарымызға медициналық қызмет қолжетімді, денсаулығымызға алаңдамаймыз», — дейді Жалғызғааш ауылының тұрғыны.

Жаңа ФАП құрылыс жұмыстары 2024 жылдың 5 қыркүйегінде басталып, бір жыл ішінде толық аяқталды. 2025 жылдың қазан айында нысан ресми түрде пайдалануға берілді.

Құрылыс барысында заманауи стандарттар мен санитарлық нормалар қатаң сақталды. ФАП ғимараты заманауи жабдықтармен қамтылып, дәрігерлер мен медбикелерге қолайлы жұмыс жағдайлары жасалған. «Біздің басты мақсат — әр ауыл тұрғынына сапалы медициналық қызмет көрсету. Бұл нысан — ауыл тұрғындарының денсаулығына деген нақты қамқорлықтың айқын көрінісі», — деді Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов.

Жалғызғааш ауылының 902 тұрғыны үшін жаңа ФАП — тек медициналық мекеме емес, ауылдың шынайы мақтанышы. Енді тұрғындар шалғайдағы аудандық ауруханаға бармай-ақ, қажетті көмек пен кеңесті ауылда ала алады.

ФАП ашылуы — ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымның дамуының нақты көрінісі. Бұл бастама тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, балалар мен қарттардың денсаулығын сақтауына, жалпы халықты медициналық қызметпен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Жалғызғааш ауылында ашылған жаңа ФАП — бұл тұрғындардың денсаулығы мен өмір сапасын жақсартуға арналған жобалардың нақты көрінісі. Заманауи медициналық жабдық, тәжірибелі дәрігерлер мен қолайлы жағдайлар ауыл халқының сенімін арттырып, олардың өмірін жеңілдетеді.

Енді әрбір ауыл тұрғыны сапалы медициналық қызметке қол жеткізіп, өз денсаулығына сенімді бола алады. Бұл — Ескелді ауданының әлеуметтік дамуының нақты жетістігі және ауыл тұрғындарының игілігіне жасалған үлкен қадам.



ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



Ескелді ауданында тұрғындарды табиғи газбен қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл — ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды қадамдардың бірі. Халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бұл жоба бүгінде нақты нәтижесін бере бастады.

Аудан аумағында барлығы 33 елді мекен бар. Соның ішінде 21 елді мекенді 2030 жылға дейін газдандыру жоспары бекітілген. Қазіргі таңда 18 ауыл табиғи газға қосылып, бұл көрсеткіш 86 пайызды құрап отыр. Бұл — өңір халқы үшін үлкен жетістік және ауданның инфрақұрылымдық дамуының айқын дәлелі.

Газдандыру — тек тұрмыстық жағдайды жақсарту емес, ол қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасау деген сөз.

Аудан үшін ерекше маңызды оқиғалардың бірі — АГРС «Қапал» газ тарту станциясының іске қосылуы. Бұл нысанның ашылуының арқасында Ақын Сара және Қоңыр ауылдық округтерінің тұрғындары алғаш рет табиғи газды пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Жоба облыс және аудан әкімдіктерінің қолдауымен, «QazaqGaz» ұлттық компаниясының қатысуымен жүзеге асқан. Станцияның іске қосылуы Ескелді ауданының энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, жаңа әлеуметтік нысандардың құрылысын жандандыруға мүмкіндік берді.

Табиғи газдың енгізілуі ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне айтарлықтай оң өзгерістер әкелді. Үйлердің жылыту жүйесі жаңарып, экологиялық ахуал жақсарды. Бұрын қатты отын жағудан туындайтын түтін мен шаң азайып, ауылдар таза әрі жайлы бола түсті.

Сонымен қатар газдың келуі ауыл кәсіпкерлері мен шағын бизнес өкілдері үшін жаңа мүмкіндік ашты. Қазір ауылдарда наубайхана, жылжы, мал бордақылау алаңдары сияқты нысандар газға қосылып, тұрақты жұмыс істеп тұр.

«Газдандыру — ауылдың дамуына серпін беретін негізгі факторлардың бірі. Бұл тек тұрмыстық жағдайды жақсарту емес, экономикалық белсенділікті арттырудың да жолы», — дейді Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов.

2026-2030 жылдар аралығында тағы 3 елді мекенді көгілдір отынмен қамтамасыз ету жоспарланған. Бұл бағытта жобалық-сметалық құжаттар дайындалып, тиісті сараптамалардан өтуде.

Аудан әкімдігі облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп отырып, газдандыру жұмыстарын кезек-кезеңімен жүзеге асыруды көздеп отыр.

Көгілдір отынның артықшылығы — оның экологиялық тазалығы мен үнемділігінде. Көмір мен отын жағудан бас тарту арқылы ауа сапасы жақсарып, тұрғындардың денсаулығына да оң әсер етуде.

Сонымен қатар газ отынның бағасын үнемдеуге мүмкіндік беріп, тұрғындардың коммуналдық шығындарын азайтады. Бұл әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылар үшін үлкен көмек.

«Табиғи газдың келуі — біз үшін үлкен қуаныш. Енді үйлеріміз жылы, пешіміз таза, ауа таза. Балаларымыздың денсаулығы жақсарып, тұрмысымыз жеңілдеді. Мұндай жобаларды жүзеге асырғандарға шын жүректен алғыс айтамыз!» — дейді ауыл тұрғыны.

Ескелді ауданында жүргізіліп жатқан газдандыру жұмыстары — ауыл өмірін жаңа деңгейге көтерген маңызды қадам. Көгілдір отынның келуі — тек инженерлік инфрақұрылымның дамуы емес, ол — тұрғындардың әл-ауқатының артуы, өмір сапасының жақсаруы және экологиялық мәдениеттің қалыптасуы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан — бәрімізге ортақ ел» қағидасына сай, осындай жобалар халықтың нақты игілігіне бағытталып отыр.

Ескелді ауданының тұрғындары үшін көгілдір отын — жылы үйдің жылуы ғана емес, жаңа өмірдің нышанына айналды.



САЛАУАТТЫ ӨМІР – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ



берді.

Мерекелік көңіл-күйді көтеру үшін аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әндерін тарту етті. Сонымен қатар, Ту көтеру рәсімі салтанатты түрде өткізіліп, мерекенің патриоттық рухын айшықтады. «Осындай шаралар жастарды спортқа баулиды, бізге денсаулық пен бірлік әкеледі», — дейді қатысушы. Жарысқа аудан тұрғындары белсенді қатысып, әртүрлі жас санатындағы азаматтар өз шеберліктерін көрсетті. Қатысушылардың жасы 14-тен бастап 60 жасқа дейін болды.

Бұл марафон әр жасқа арналған салауатты өмірді насихаттау мен спортқа деген қызығушылықты арттыруға бағытталған шара болды.

Жарыс барысында қатысушылар күштерін сынап қана қоймай, командалық рух пен бірлікті де көрсетті. Әрбір қатысушының нәтижесі бағаланып, марапаттау рәсімі кезінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Аудандық марафонның басты мақсаты — тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және Республика күні мерекесінің рухын арттыру болды.

Марафон арқылы тұрғындар өздерінің физикалық қабілеттерін шыңдап қана қоймай, қоғамдағы белсенді өмір салтының маңыздылығын түсінді. Мұндай шаралар ауыл тұрғындарының бірігуіне, әлеуметтік белсенділіктің артуына және жастарды салауатты өмірге баулу жолында маңызды рөл атқарады.

«Мұндай іс-шаралар спортты насихаттап қана қоймай, ауыл тұрғындарының бірлігін нығайтады», — дейді Елдос Ахметов, аудан әкімі.

Аудандық спорт шаралары тек жеке тұлғаның физикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік және мәдени өміріне де оң әсерін тигізеді.

Марафон қатысушылары мерекелік көңіл-күйге бөленіп, өз денсаулығы мен физикалық дайындықтарын шыңдауға мүмкіндік алды.



В СЕЛЕ ТЕНЛИК ОТКРЫЛСЯ НОВЫЙ ВРАЧЕБНЫЙ БЛОК-МОДУЛЬНЫЙ ПУНКТ

Для жителей села Тенлик этот день стал особенным — в сельском округе состоялось торжественное открытие нового врачебного блок-модульного пункта (БМК). Этот шаг является важным событием на пути к улучшению доступности и качества медицинских услуг для сельского населения.

В церемонии открытия принял участие аким Ескельдинского района Елдос Ахметов, который поздравил жителей с праздником, подчеркнул значимость нового объекта и перерезал красную ленту, официально открыв новый медицинский пункт.

Аким вместе с жителями осмотрел здание, оценил его оснащение и условия работы персонала. Он отметил, что каждый житель села теперь сможет получать своевременную медицинскую помощь без необходимости ездить в районный центр, что особенно важно для детей, пожилых людей и маломобильных граждан.

«Открытие этого пункта — ещё один шаг к улучшению жизни сельчан, доступу к качественной медицине и укреплению здоровья каждого жителя», — подчеркнул Елдос Ахметов, аким района.



Особенности нового БМК
Современный медицинский пункт площадью 105 квадратных метров рассчитан на обслуживание 203 жителей села Тенлик.

Внутри предусмотрены:
-кабинеты для приёма пациентов,
-процедурная комната,
-все необходимые условия для оказания первичной медицинской помощи.

БМК оснащён современным оборудованием, позволяющим проводить профилактические осмотры, оказывать экстренную помощь, проводить вакцинацию и поддерживать здоровье жителей на должном уровне.

Открытие БМК стало важным событием для села и укрепляет инфраструктуру здравоохранения на местах.

Новый пункт обеспечит:
-своевременную диагностику и лечение,
-профилактику заболеваний,
-формирование культуры здорового образа жизни среди жителей.

Такие проекты способствуют повышению уровня жизни сельского населения, объединяют жителей вокруг важных социальных инициатив и создают комфортные условия для работы медицинского персонала.



В СЕЛЕ КАЙНАРЛЫ ОТКРЫТ НОВЫЙ ФЕЛЬДШЕРСКО-АКУШЕРСКИЙ ПУНКТ



Для жителей села Кайнарлы этот день стал по-настоящему знаменательным — в сельском округе открылся современный фельдшерско-акушерский пункт (ФАП). Этот шаг является важным для повышения качества медицинского обслуживания и укрепления здоровья сельчан.

На открытии ФАПа присутствовали аким района Елдос Ахметов и руководитель районной больницы Сауле Рысбековна. Они перерезали красную ленту, официально дав старт работе нового объекта, который станет важной социальной инфраструктурой для жителей села.

Новый медицинский пункт оснащён современным оборудованием и будет оказывать:

- амбулаторно-поликлинические услуги,
- первичную медико-санитарную помощь,
- скорую и неотложную медицинскую помощь.

Кроме того, в ФАПе будут проводиться профилактические осмотры, вакцинация и мероприятия по формированию культуры здорового образа жизни.

В селе Кайнарлы проживает 543 человека, из них 167 детей, 48 подростков и 428 взрослых. Новый ФАП станет доступным центром для всех категорий жителей, обеспечивая своевременную медицинскую помощь и профилактику заболеваний.

Строительство объекта началось 5 сентября 2024 года и было завершено в октябре 2025 года. За короткий срок удалось возвести современное медицинское учреждение, которое сразу же стало гордостью села.

«Открытие нового ФАПа — это не только шаг к улучшению здоровья наших жителей, но и важный вклад в развитие социальной инфраструктуры района», — отметил Елдос Ахметов, аким района.

Новый медицинский пункт является ярким примером того, как современные инициативы помогают улучшить качество жизни сельчан. Доступность медицинской помощи, профилактика заболеваний и активная работа по популяризации здорового образа жизни станут залогом долгосрочного развития села и укрепления здоровья его жителей.

ГРЕК-РИМНАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРИ



2025 жылдың 21-22 қазан күндері аралығында «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қарабұлақ ауылы М.Әуезов 33 А мекен-жайында орналасқан спорт кешенінде грек-рим күресінен 2011-2013, 2015-2016 ж.ж. жасөспірімдер арасында, Қазақстан Республикасының «Республика күні» мерекесіне орай және грек-рим күресінен КСРО спорт шебері, КСРО-ның бірнеше дүркін жүлдегері, білікті бапкер Әлімхан Мүсірәліұлы Тұмбаевты еске алуға арналған облыстық турнир өтті. Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 7 командада 100 ден аса спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша командалық есепте Талдықорған қаласының Барыс клубы командасы 3 орын, Талдықорған қаласының Жекпе-жек командасы 2 орын және Ескелді ауданының БЖСМ командасы 1 орын иеленді. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы кубоктармен, медальдармен, грамотамен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Адильбеков Қапалбай Қуатұлы «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры

ОБЗОР ИНВЕСТИЦИОННОГО ПОРТФЕЛЯ ПОД УПРАВЛЕНИЕМ НБРК И УИП ПО СОСТОЯНИЮ НА 1 ОКТЯБРЯ 2025 ГОДА

АО «ЕНПФ» (далее - ЕНПФ) представляет отчет об управлении пенсионными активами Национальным Банком Республики Казахстан (далее - НБРК) и управляющими инвестиционным портфелем (далее - УИП) на сайте enpf.kz в разделе «Показатели - Инвестиционная деятельность».

Общий объем пенсионных активов на 1 октября 2025 года под управлением НБРК и УИП составил 25 716,69 млрд тенге. По состоянию на эту дату пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении НБРК, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (далее - ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (далее - ОППВ), добровольных пенсионных взносов (далее - ДПВ), составили порядка 25 047,64 млрд тенге. Объем пенсионных активов, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (далее - ОПВР), находящихся в доверительном управлении НБРК, - 594,85 млрд тенге.

Пенсионные активы под управлением УИП составили более 74,20 млрд тенге.

Инвестиционный портфель пенсионных активов под управлением НБРК

Национальный Банк, как доверительный управляющий пенсионными активами ЕНПФ, проводит сбалансированную инвестиционную политику: инвестирует в различные виды финансовых инструментов по валютам, странам, секторам и эмитентам.

Основные направления инвестирования пенсионных активов, сформированных за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, на 1 октября 2025 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК - 42,08%, облигации квазигосударственных компаний - 9,33%, облигации банков второго уровня Республики Казахстан - 2,66%, акции и депозитарные расписки эмитентов РК - 1,95%, МФО - 1,23%, депозиты НБРК - 0,87%.

Инвестиционный портфель в разрезе валют, в которые номинированы финансовые инструменты, приобретенные за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, по состоянию на 1 октября 2025 г. выглядит так: инвестиции в национальную валюту - 56,75%, в долларах США - 43,25% портфеля пенсионных активов.

Из анализа структуры полученного дохода следует, что доход в виде вознаграждения по ценным бумагам, в том числе по размещенным вкладам и операциям «обратное РЕПО» составил 1450,29 млрд тенге, доход от переоценки иностранной валюты, за исключением активов во внешнем управлении, - 235,62 млрд тенге, доход по активам, находящимся во внешнем управлении, в том числе с учетом курсовой переоценки - 661,64 млрд тенге, прочие доходы - 5,30 млрд тенге. Рыночная переоценка ценных бумаг сложилась отрицательной.

Размер начисленного инвестиционного дохода за последние 12 месяцев с октября 2024 года по сентябрь 2025 года составил порядка 3,11 трлн тенге, доходность за данный период - 14,11% при инфляции в размере 12,90%.

Направления инвестирования ОПВР на 1 октября 2025 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК - 98,53%, денежные средства на инвестиционных счетах - 0,86%, депозиты НБРК - 0,61%. Инвестиционный портфель за счет ОПВР включает только финансовые инструменты, номинированные в национальной валюте.

По состоянию на 1 октября 2025 года доходность ОПВР за последние 12 месяцев составила 8,44%.

Напомним, что пенсионные накопления - долгосрочные инвестиции. Поэтому анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее одного года. В отдельные периоды может наблюдаться снижение доходности вследствие волатильности курсов иностранных валют, изменения рыночной стоимости финансовых инструментов, а также влияния инфляции. Диверсификация инвестиционного портфеля, когда доход по одним инструментам перекрывает временные убытки по другим, обеспечивает сохранность и устойчивую доходность пенсионных сбережений в долгосрочной перспективе. Так, инвестиционный доход в динамике за последние 3 года показывает стабильный рост, доходность пенсионных активов превышает уровень инфляции.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением НБРК с указанием эмитентов и обзор инвестиционной деятельности размещены на официальном сайте ЕНПФ. Также на сайте enpf.kz размещена информация о структуре портфеля по пенсионным активам, сформированным за счет ОПВР.

Управляющие инвестиционным портфелем

Общий объем пенсионных активов, находящихся под управлением УИП, составляет более 74,20 млрд тенге.

По состоянию на 01.10.2025 г. пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «Alatau City Invest», составили 13,29 млрд тенге.

Основные инвестиции компании: ГЦБ МФ РК - 17,78%, Пау Exchange Traded Funds (ETF) - 16,60%, облигации банков второго уровня РК - 15,87%, РЕПО - 13,15%, облигации квазигосударственных организаций РК - 11,01%, корпоративные облигации эмитентов РК - 10,99%, корпоративные облигации иностранных эмитентов - 5,99%, МФО - 5,75%, ГЦБ иностранных государств - 2,75%. Отметим, что 75,31% портфеля представлено в тенге, 23,27% - в долларах США, 1,42% - в других валютах.

По состоянию на 1 октября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 11,99%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Alatau City Invest» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ. По состоянию на 01.10.2025 г. пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «Halyk Global Markets», составили 6,98 млрд тенге. Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением НБРК с указанием эмитентов и обзор инвестиционной деятельности размещены на официальном сайте ЕНПФ. Также на сайте enpf.kz размещена информация о структуре портфеля по пенсионным активам, сформированным за счет ОПВР.

Основные инвестиции в структуре портфеля таковы: обратное РЕПО (не более 90 календарных дней) - 42,57%, государственные ценные бумаги Министерства финансов РК - 16,12%, корпоративные облигации иностранных эмитентов - 8,99%, облигации банков второго уровня РК - 8,13%, долевые инструменты иностранных эмитентов (Пау ETF) - 7,13%, ценные бумаги, имеющие статус квазигосударственных, выпущенные центральными правительствами иностранных государств - 5,30%, корпоративные облигации организаций РК - 4,90%, облигации квазигосударственных организаций РК - 4,64%.

Инвестиции в национальной валюте составили 77,54% портфеля, в долларах США - 22,46%.

По состоянию на 1 октября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 13,02%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Halyk Global Markets» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.10.2025 г. пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении АО «BCC Invest», составили 8,51 млрд тенге.

Основные направления инвестиций: облигации БВУ РК - 23,69%, ГЦБ МФ РК - 20,63%, РЕПО - 14,44%, корпоративные облигации эмитентов-резидентов РК - 13,81%, облигации квазигосударственных организаций РК - 13,04%, корпоративные облигации иностранных эмитентов - 10,74%.

Инвестиции в национальной валюте составили 75,04% портфеля, в долларах США - 24,96%.

По состоянию на 1 октября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 13,22%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «BCC Invest» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.10.2025 г. пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении АО «Сентрас Секьюритиз», составили 3,33 млрд тенге.

В корпоративные облигации эмитентов РК инвестировано 17,40%, облигации квазигосударственных организаций РК - 16,20%, облигации БВУ РК - 15,73%, ГЦБ МФ РК - 14,43%, РЕПО - 13,78%, акции и депозитарные расписки эмитентов-резидентов РК - 3,45%, акции и депозитарные расписки иностранных эмитентов - 3,35%, государственные облигации США - 3,30%.

Инвестиции в национальной валюте составили 68,34% портфеля, в долларах США - 31,66%.

По состоянию на 1 октября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 18,19%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Сентрас Секьюритиз» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.10.2025 года пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «ДО Народного Банка Казахстана «Halyk Finance», составили 42,09 млрд тенге.

Основные инвестиции в структуре портфеля выглядят так: ГЦБ МФ РК - 21,39%, обратное РЕПО (не более 90 календарных дней) - 21,38%, облигации банков второго уровня РК - 9,07%, корпоративные облигации иностранных эмитентов - 8,95%, ГЦБ иностранных государств - 7,64%, МФО - 7,50%, паи Exchange Traded Funds (ETF) - 6,14%, корпоративные облигации эмитентов РК - 7,03%, облигации квазигосударственных организаций РК - 2,38%, акции и депозитарные расписки иностранных эмитентов - 3,80%, акции и депозитарные расписки эмитентов РК - 1,92%.

В инструменты в национальной валюте инвестировано 61,62% портфеля, в долларах США - 38,38%. По состоянию на 1 октября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 13,81%.

САУ СИЫР - СҮТТІҢ КӨЗІ!



Ауыл тұрмысы мен тіршілігінің өзегі – мал шаруашылығы екенін білеміз. Әсіресе сиыр сүті ауыл адамдарының күнделікті асы, табыс көзі, тіршіліктің сымолы. Бірақ кейде бұрынғыдай сүт беріп жүрген сиырдың өнімі күрт азайып кетеді. Мұндай жағдай көптің басында бар. Бірі оны жем-шөпке, екіншісі ауа райына жориды. Алайда, сүттің азаюының басты себебі мал аурулары екенін көбіміз ескере бермейміз.

Малдың денсаулығы сүттің сапасы мен молдығының кепілі. Ендеше, сиырдың сүтін азайтатын ең жиі кездесетін «бес негізгі себебіне» тоқталайық.

1. Мастит – сүт безінің қабынуы

Мастит – сүттің азаюына және сапасының төмендеуіне тікелей әсер ететін ең кең тараған ауру. Ол сүт безіне микробтардың енуінен, сыз тартудан, лас қорадан немесе сауу кезінде желіннің жаралануынан пайда болады.

Белгілері: Желін ісініп, қызарып, ауырсынады. Сүт қоюланып, ірімшік тәрізді болып немесе ірің аралас күйде шығады. Мал сауу кезінде тынышсызданып, ауырсынады.

Алдын алу шаралары: Сиырды әр сауу алдында және кейін жылы сумен жуып, таза шүберекпен сүрту қажет. Сауу толық және уақтылы жүргізілуі тиіс. Қора-жайды таза, құрғақ, желсіз ұстау керек. Суық судан кейін малды бірден далаға шығару зиян. Ауру малды оқшаулап, ветеринардың кеңесіне жүгіну маңызды. Маститтің алдын алу тек сүт өнімділігін емес, малдың жалпы саулығын сақтаудың негізі.

2. Кетоз – зат алмасу бұзылысы

Кетоз – көбіне жоғары өнімді, жаңа төлдеген сиырларда кездеседі. Себебі, сүт көп шығару кезінде мал ағзасында энергия жетіспей, май қоры ыдырай бастайды. Соның нәтижесінде қанда кетон денелері көбейіп, бауыр мен ас қорыту жүйесі бұзылады.

Белгілері: Малдың төбеті төмендейді, сүт азаяды, кейде ерекше иіс (ацетон иісі) сезіледі. Мал әлсіреп, қозғалысы баяулайды.

Алдын алу: Төлдеген сиырды жақсы демалдырып, сапалы жем-шөп беру қажет. Рационда көмірсу мен белоктың тепе-теңдігі сақталуы тиіс. Қант, патока, жүгері, сәбіз сияқты энергия беретін азықтар беру пайдалы. Ауру белгілері байқалса, дереу ветеринарға қаратып, қандағы кетон мөлшерін тексеру қажет. Кетоздың алдын алсаңыз сүттің сапасы да, мөлшері де қалпында болады.

3. Гельминтоз – ішкі паразиттермен зақымдану

Сиыр организмде түскен паразиттер (құрттар) ішекте, бауырда, өкпеде тіршілік етіп, қоректік заттарды сорып алады. Бұл сиырдың әлсіреуіне, салмақ жоғалтуына және сүттің күрт азаюына әкеледі.

Белгілері: Мал арықтайды, төбеті төмендейді, жүні түсіп, терісі қатанданып кетеді. Іші өтеді немесе қатайды. Сүт азаяды, кейде дәмі өзгереді.

Алдын алу: Жайылым мен суаттардың тазалығын сақтау ең басты шарт. Жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) дегельминтизация (құртқа қарсы дәрі беру) жүргізу қажет. Малдың нәжісін уақтылы тазалап, қораны дезинфекциялау керек. Қорада ылғал мен шыбын-шіркей болмауы тиіс. Паразиттерге қарсы күрес өнімділікті арттырудың ең қарапайым әрі тиімді жолы.

4. Минерал мен витамин жетіспеушілігі

Сүт азаюының тағы бір себебі – мал азығының біржақтылығы. Рационда кальций, фосфор, тұз, А, D, E витаминдерінің жетіспеуі сүт безінің жұмысын әлсіретеді. Әсіресе қыста және көктемнің соңында бұл жиі байқалады.

Белгілері: Малдың сүйегі әлсірейді, бұлшық еті босап, жүні түседі, сүттің майлылығы мен дәмі өзгереді.

Алдын алу: Жем-шөп құрамына минералды қоспалар (бор, тұз лизунец, сүйек ұны) қосу. Сиырды күн сәулесіне шығару (күн D витаминін қалыптастырады). Рационды әртараптандыру. Көкөніс, сүрлем, дәнді азықтармен байыту. Теңгерімді қоректену малдың иммунитетін көтеріп, ауруға қарсы төзімділігін арттырады.

5. Жұқпалы аурулар (бруцеллез, пастереллез, лептоспироз, листериоз, туберкулез, сальмонеллез, және т.б.)

Кейде сүттің азаюы ағзадағы жасырын жұқпалы аурулардың белегісі болуы мүмкін. Мысалы бруцеллез, лептоспироз, пастереллез сияқты инфекциялар малдың дене қызуын көтеріп, төбетін төмендетеді, сүт безінің қызметін бұзады. Кейде мал түсік тастап, сүт мүлдем тоқтап қалуы мүмкін.

Белгілері: Желін ісініп, ауырсынады, сүт қоюланып немесе түсі өзгереді. Сүттің дәмі мен иісі өзгереді, майлылығы төмендейді. Малдың қызуы көтеріледі, төбеті төмендейді, сүт азаяды немесе тоқтайды. Малдың қозғалысы баяулап, әлсірейді, кейде тұра алмай қалады. Көз бен мұрыннан сұйық бөлінді (шырыш немесе ірің) ағады. Тыныс алуы жиілейді, жөтел, ентікпе байқалады (әсіресе пастереллезде).

Алдын алу: Барлық мал басын ветеринарлық есепке алып, уақтылы вакцина ектіріп отыру. Жаңадан сатып алған малды бөлек ұстап, табынға қоспай тұрып ветеринарлық бақылаудан өткізу. Қора-жайды жүйелі түрде дезинфекциялау. Ауру белгілері бар сиырды дереу оқшаулап, ветеринарлық маманға көрсету. Жұқпалы аурумен күресу жеке шаруашылықтың ғана емес, бүкіл елдің амандығы үшін маңызды іс.

Әрбір шаруа мынаны есте сақтауы керек:

«Аурудың алды тазалықта, сүттің сыры күтімде. Сүт тек тағам емес – тіршіліктің нәрі». Ал сиырдың сүті азайса, бұл ескерту белгісі. Мал иесі ең алдымен қораның тазалығына, азық сапасына және малдың жалпы жағдайына көңіл бөлуі керек.

Дәурен Әділбекұлы,
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ 25,11 ТРЛН ТЕНГЕДЕН АСТЫ

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 25,11 трлн теңгеден асты. 12 айда 4,22 трлн теңгеге немесе 20,2%-ға артты.

2025 жылдың 1 қыркүйегінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 23,84 трлн теңге. 12 айдағы өсімі – 18,6%.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – 710,63 млрд теңге, 12 айдағы өсім – 13,3%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім - 36,0% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2025 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша көлемі 9,21 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2025 жылдың 1 қыркүйегіне 552,11 млрд теңге болды.

Түсімдер
Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бір жыл ішінде салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 2 104,98 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 18,2%-ға (немесе 324,17 млрд теңгеге) арттық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың басынан бастап 1 қыркүйегіне дейін 1 725,25 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 10,3%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 89,92 млрд теңге (өсім – 19,9%), ЕЗЖ – 1,65 млрд теңге түсті. 2025 жылдың 8 айында ЖМЗЖ 288,15 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2025 жылдың 8 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1 157,29 млрд теңгені құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 56,4% немесе 417,31 млрд теңгеге көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде – 684,71 млрд теңге. Бұл ретте баламалы мақсаттарға төлемдер көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда екі еседен астам өсті.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 22,86% ұлғайып, 01.09.2025ж. 160,43 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 691 теңге.

Жыл басынан бері 01.09.2025ж. дейін мұрагерлік бойынша 46,47 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 28,62 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 2,08 млрд теңге, жерлеуге – 7,19 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 227,79 млрд теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2025 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 17,88 млн. бірлік (12 айдағы өсім – 1,22 млн бірлік немесе 7,3%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қыркүйегіне 12,63 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,23 млн - МЗЖ бойынша, 748,20 мыңы - МКЗЖ бойынша, 458,30 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 5,25 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРЕВЫСИЛИ 25,11 ТРЛН ТЕНГЕ

Объем пенсионных накоплений казахстанцев на 01.09.2025 г. превысил 25,11 трлн тенге, показав рост за год на 4,22 трлн тенге или на 20,2%.

Пенсионные накопления за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) на 1 сентября 2025 года достигли 23,84 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев на 18,6%.

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) составила 710,63 млрд тенге, показав рост за 12 месяцев на 13,3%.

Максимальный годовой прирост продемонстрировали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) - на 31,00%, на 01.09.2025 г. их объем составил 9,21 млрд тенге.

На 1 сентября 2025 года сумма пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей), составила 552,11 млрд тенге.

Поступления

Рост накоплений обеспечивается поступлениями пенсионных взносов, а также инвестиционным доходом. За год на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 2 104,98 млрд тенге взносов, что на 18,2% (или на 324,17 млрд тенге) больше показателя аналогичного периода прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала года на 01.09.2025 г. поступило 1 725,25 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 10,3%), ОППВ – 89,92 млрд тенге (рост на 19,9%), ДПВ – 1,65 млрд тенге. Взносы за счет ОПВР за первые 8 месяцев 2025 г. составили 288,15 млрд тенге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводов в страховые организации из ЕНПФ за 8 месяцев 2025 года составили 1 157,29 млрд тенге, что превышает объем выплат прошлогоднего показателя на 56,4% или на 417,31 млрд тенге.

Большую часть выплат составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – 684,71 млрд тенге. При этом объем выплат на альтернативные цели по сравнению с прошлым годом увеличился более, чем в два раза.

Выплаты по возрасту на 01.09.2025 г. увеличились за 12 месяцев на 22,86% и составили 160,43 млрд тенге. Отметим, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста составила 35 691 тенге.

С начала года по 01.09.2025 г. также осуществлены выплаты по наследству – 46,47 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 28,62 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,08 млрд тенге, выплаты на погребение – 7,19 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма в размере 227,79 млрд тенге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2025 года составило 17,88 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,22 млн единиц или 7,3%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 сентября 2025 г. составило 12,63 млн единиц, из них: 11,23 млн - по ОПВ, 748,20 тыс. - по ОППВ, 458,30 тыс. - по ДПВ.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 5,25 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

АЛАЯҚТАР АЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІН ИГЕРУДЕ! САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Цифрлық технологиялардың белсенді дамуы жағдайында Интернет желісі арқылы мемлекеттік, қаржылық және өзге де электрондық қызметтерге азаматтардың қол жеткізу ауқымы күннен күнге кеңейе түсуде. Алайда, мұнымен қатар интернет-алаяқтық саласындағы қылмыстардың түрлі әдіс-тәсілдері де қарқынды даму үстінде. Сіздерді аса сақ болуға шақырамыз – алаяқтар жылдам дамып келе жатқан жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, бейнелер, аудиожазбалар және адамдардың бет-әлпеті мен дауысын дәл беретін кескіндер жасайды. Азаматтардың ресми құрылымдарға деген сенімін пайдалана отырып, алаяқтар психологиялық қысым көрсетіп, жеке және қаржылық ақпаратқа қол жеткізу мақсатында өздерін көбінесе мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау органдарының, байланыс операторларының және басқа ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстырады.

Алаяқтық әрекеттердің алдын алу мақсатында және сіздің қауіпсіздігііз үшін «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) төмендегілерді ескертеді:

-Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін ешқандай делдалдың көмегі қажет емес, комиссиялық төлем алынбайды;

-БЖЗҚ қызмет көрсеткені үшін өтемақы алмайды, барлық төлемдер қатаң түрде заң аясында жүзеге асырылады;

-Жинақтардың бір бөлігін тұрғын үйге немесе емделу ақысын төлеу мақсатында пайдалану тек уәкілетті оператор (екінші деңгейдегі банктер) арқылы жүзеге асырылады;

-Мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗҚ-ның қызметкерлері телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты ешқашан талап етпейді;

-Егер қоңырау шалушы сіздің аты-жөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орныңызды білсе, ол оның ресми тұлға екендігін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын түрлі тәсілдермен алуға болады.

Күмәнді қоңырау, хабарлама немесе хат түскен кездегі сіздің әрекеттеріңіз:

-Байланысты дереу тоқтатыңыз.

-Байланысқа шыққан тұлға туралы ақпаратты (хат-хабарлардың скриншоттарын, телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайларды, сайттарға сілтемелерді және өзге де деректерді қоса) белгілеп алыңыз.

-Ақпаратты нақтылап, одан әрі қажетті шараларды қабылдау үшін құқық қорғау органдарына немесе тиісті ұйымның (банктің, байланыс операторының және т. б.) қолдау қызметіне хабарласыңыз.

БЖЗҚ қатаң ескертеді! Ақпаратты ресми көздерден алыңыздар және тек заң шеңберінде әрекет етіңіздер.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, зейнетақы жинақтарыңыздан төлем алу және аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:

-enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

-байланыс орталығының 1418 кәп арналы тегін байланыс нөміріне қоңырау шалу жолымен немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы,

-БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

Сақтық шараларын алдын ала қабылдаңыз, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

МОШЕННИКИ ОСВАИВАЮТ НОВЫЕ СХЕМЫ ОБМАНА! БУДЬТЕ БДИТЕЛЬНЫ!

В условиях активного развития цифровых технологий граждане получают всё более широкий доступ посредством сети Интернет к государственным, финансовым и иным электронным услугам. Однако, одновременно с этим, активно развиваются способы и методы преступлений в сфере интернет-мошенничества. Просим Вас быть особенно внимательным - мошенники активно используют возможностями быстро развивающегося искусственного интеллекта, создавая видео, аудиозаписи и изображения, в которых лица и голоса людей заменяются на реальные. Оказывая психологическое давление и используя доверие граждан к официальным структурам, мошенники часто представляются сотрудниками государственных органов, банков, правоохранительных органов, операторов связи и других организаций с целью получения доступа к персональной и финансовой информации.

В целях вашей безопасности и предотвращения мошенничества АО «ЕНПФ» напоминает:

-Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;

-ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;

-Целевое использование накоплений на жилье и лечение осуществляется только через уполномоченных операторов (банки второго уровня);

-Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;

-Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

В случае получения подозрительного звонка, сообщения или письма рекомендуется:

-Немедленно прекратить общение с предполагаемым злоумышленником.

-Зафиксировать информацию о контакте (включая скриншоты переписки, номера телефонов, электронные адреса, ссылки на сайты и иные данные).

-Обратиться в правоохранительные органы или в службу поддержки соответствующей организации (банка, оператора связи и т. д.) для уточнения информации и принятия дальнейших мер.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ;

- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;

- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» и «Instagram».

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

29 ОКТЯБРЯ -ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ БОРЬБЫ С ИНСУЛЬТОМ

ПРОФИЛАКТИКА ИНСУЛЬТА (Памятка для населения)
Инсульт - это острое нарушение мозгового кровообращения - разрыв, спазм или закупорка тромбом одного или нескольких сосудов мозга.

Наиболее часто последствиями инсульта являются двигательные нарушения (парезы, параличи) и интеллектуальные расстройства (нарушения памяти, внимания, скорости мыслительных процессов).

КАКОВЫ РАННИЕ ПРЕДВЕСТНИКИ ИНСУЛЬТА?

1. Внезапное онемение или слабость мышц лица, рук, ног, особенно на одной стороне тела.
2. Внезапная спутанность сознания, нарушение речи.
3. Внезапное нарушение зрение одного или обоих глаз.
4. Внезапное нарушение походки, координации, равновесия, головокружение.

5. Внезапная сильная головная боль неизвестной причины.

Не игнорируйте эти симптомы, даже если они исчезли. Срочно вызывайте скорую помощь. Экстренная медицинская помощь имеет очень важное значение, поскольку некоторые лекарства против инсульта помогают только в тех случаях, когда правильный диагноз и лечение начато через относительно короткое время после возникновения инсульта.

Факторами риска развития инсульта являются: стрессы, колебания атмосферного давления, переутомление, вредные привычки - алкоголь и курение, избыточный вес, сахарный диабет, гиподинамия, повышение холестерина в крови (атеросклероз), повышение артериального давления.

Самым эффективным для профилактики инсульта является воздействие на эти факторы:

Принимайте постоянно назначенные врачом лекарства от давления.

КУРЕНИЕ. Нужно отказаться от курения.

СЛЕДИТЕ ЗА ВАШИМ ВЕСОМ. К сожалению, большинство из нас склонны к чрезмерному увлечению едой.

Соблюдайте сбалансированную диету.

УВЕЛИЧЕНИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ НАГРУЗКИ. Регулярные физические упражнения очень полезны. Следует стремиться к регулярным упражнениям не менее 3 раз в неделю продолжительностью 30-45 минут. Речь идет о привычных нагрузках: пеших прогулках, плавании, езде на велосипеде и даже работе в саду. Также наряду с физическими нагрузками рекомендуются периоды релаксации и расслабления. Это может быть чтение, прослушивание музыки, дополнительный дневной сон.

СТРЕСС. Лучшим средством от стресса являются физические упражнения и приятные эмоции.

БЕРЕГИТЕ СЕБЯ!!!!



Г.С. КАЛИЯКБЕРОВА,

ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ психолог

АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘНЕ ТҰРУҒА КЕЛГЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА, АУЫЛДАР, КЕНТТЕР, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІ АППАРАТТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ

Ескелді ауданының «экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі,
«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шаралары» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Басты шарт - мамандар көтерме жәрдемақы және кредит алған кезде ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымда тиісті мамандық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеме алады. Мамандардың көтерме жәрдемақы және кредит алуға өтініш беруі және жергілікті атқарушы органның мақұлдауы Банк порталында жүзеге асырылады. Кредит алуға өтініш беру үшін маман <https://otbasybank.kz/> порталына тіркеліп, Жеке кабинетке кіруі тиіс, жеке тұлғаның ЭЦҚ болуы тиіс, мобильді азаматтар базасында тіркелген болуы тиіс.

Қосымша ақпаратты Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі №67 мекен-жайы арқылы немесе 8/72836/30916 телефонына хабарласып білуге болады.

С. Жайнақова,

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

АЛКОГОЛЬ И НАРКОТИКИ: ПОСЛЕДСТВИЯ, ДВОЙНАЯ ЗАВИСИМОСТЬ

Алкоголь и наркотики становятся причиной множества проблем в жизни человека. Двойная зависимость — это состояние, при котором человек одновременно страдает от двух видов зависимости. Наиболее частыми комбинациями являются алкогольная и наркотическая зависимости.

Последствия могут быть фатальными. Физическое здоровье ухудшается из-за перегрузки организма токсичными веществами, что приводит к повреждению органов, ослаблению иммунной системы, повышенному риску смертельных исходов. Психологическое состояние также страдает: повышается риск депрессии, тревожных расстройств, психозов. Социальные последствия включают ухудшение отношений с близкими, потерю работы, проблемы с законом.

Лечение двойной зависимости требует комплексного и индивидуального подхода, учитывающего состояние пациента. Прогноз лечения зависит от ряда факторов: степень тяжести болезни; мотивации пациента; наличие поддержки со стороны семьи, друзей; также качество предоставляемой медицинской помощи.

Общие признаки отравления:

-Потеря сознания: Как алкоголь, так и наркотики могут вызвать потерю сознания, что требует немедленного вмешательства.

-Судороги:В тяжелых случаях интоксикации могут возникнуть судороги, указывающие на серьезное нарушение работы организма.

-Проблемы с сердцем:Ускоренное или замедленное сердцебиение, аритмия — частые признаки отравления, требующие медицинского вмешательства.

Эти признаки требуют немедленного реагирования, обращения за медицинской помощью.

Двойная зависимость — это сложное состояние, требующее врачебного вмешательства. Важно помнить, что помощь доступна, обратиться за ней никогда не поздно!

Калиякберова Гульмира Серикбаевна,

ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ Специалист кабинета ЗОЖ

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ МАРАФОН

2025 жылдың 25 қазан күні Қарабұлақ ауылының орталық алаңында “Республика күні” мерекесіне орай аудандық марафон жарысы ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы сөз сөйлеп, қатысушыларды мерекемен құттықтап, жарысқа шыққан спортшыларға сәттілік тіледі.

Келесі сөз ауданымыздың спорт ардагері, “Темір адам” атағының иегері Бектенов Бақытжан Байтайұлына беріліп, ол жарыс алдында қатысушыларға арналған дене қыздыру жаттығуларын жасапты.

Мерекелік көңіл-күйді аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары көтеріп, өздерінің әсем әндерін тарту етті.

Сонымен қатар, Ту көтеру рәсімі салтанатты түрде өткізілді.

Жарысқа аудан тұрғындары белсене қатысып, 14 жасан 60 жасан жоғары спортсүйер азаматтар өз шеберліктерін көрсетті.

Марафон нәтижесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Іс-шараның басты мақсаты — тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және Республика күні мерекесінің рухын арттыру болды.

Барша аудан тұрғындарын “Республика күні” мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бірлігіміз бекем, еліміз еңселі болсын!

Г. Омарова,

«Спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс- шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

HABARLANDYRU

ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» предоставляет следующие виды государственных услуг

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,
- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,

- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»
- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»

- «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее -ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в узелке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте rki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все виды вам необходимых услуг, мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении необходимых услуг.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Агентство по делам государственной службы в Call-центр 1424 либо телеграмм бот Saraly Qyzmet для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

А.К. Алпысбаева,

Главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» (87283635182)

Құрметті салық төлеушілер!

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,Сіздерді Қазақстан Републикасы Салық Кодексінің «Салықтар және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы»Заңына сәйкес- көлік салығын уақытылы төлеулеріңізді сұрайды.

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

Уважаемые налогоплательщики!

Государственное учреждение «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» в соответствии с кодексом «О налогах и других обязательных платежей в бюджет» напоминают Вам о погашении задолженности по транспортному налогу.

ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа»

Открылось	наследство	на	умершую	-Минько
ву	Гергину	Георгиевну	дата	смерти:
			Обращаться нотариус Карабулаке т.	3-00-99

Тұрғындардың назарына!

Бүгінгі таңда алаяқтықтың тәсілдері ұлғайып әр -түрлі схемалар пайда болуда, оның ішінде ең кең таралғаны «Ғаламтор алаяқтығы». Алаяқтықтың осы түрі банк қызметкерлерінің атынан хабарласып - «Сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр, қаражатыңызды қауіпсіз шотқа салып қою үшін смс хабарламаға келген құпия сандарды айтуыңызды сұрайды» немесе жақын туыстарының дауыстарымен қонырау шалып қаражат аударуды сұрап жатқан схемалар бар.

Енді соңғы уақытта тұрғын үйлерді аралап қайырымдылық көмек көрсетеміз, несиеге тауар береміз деген алаяқтар да кездесуде, осыған орай «Көкжазық ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-сі ескертеді, бөгде тұлғалар әкімдік атынан дәлелсіз құжаттарсыз сіздерге қонырау шалса немесе үйлеріңізге келсе (жұмыс істейтін және қандай мақсатпен келгенін дәлелдейтін құжаттарын көрсетуді сұраңыздар) бірден құзырлы органдарға, әкімдікке хабарласыңыздар.

Абай болыңыздар! Өздеріңіз туралы бөгде тұлғаларға ақпарат бермеңіздер!

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

Открыто наследственное дело на имя умершего Копистко Сергея Николаевича, дата смерти: 12 августа 2025 года.Просьба наследникам обратиться по адресу:село Карабулак, улица Оразбекова, дом 25-34.Дополнительная информация по телефону:С.К. Нурғалиев — 8 777 321 00 17.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1576 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	---	--